

«Мариям А» бөбекжайы

**«Ай Күнім Анам»
«Құлыншақ» ортаңғы тобы»**

Орал 2026ж

«Ай Күнім Анам»

Мақсаты: 8 наурыз аналар мерекесі жайлы мағлұмат беру. Балалардың анаға деген құрметі пен ілтипатын мерекелік іс-шара арқылы білдіру.

- Балалардың ой өрісін, танымын, анаға деген сүйіспеншілігі мен құштарлығын арттыру.

- Анаға құрмет, көмек қолын созуға баулу. Ананың махаббатын аялауға, анасын бағалауға, өз сезімдерін көрсете білуге үйрету.

Кейіпкер: Көктем.

Жүргізуші: Қымбатты да ардақты, аяулы аналар мен көктемдей құлпырған ару қыздар! Сіздерді көктемнің алғашқы шуақты мерекесі, шұғылалы мерекесі 8 наурыз – әжелер, аналар, қыздар мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз! Әлем аналардың аяулы алақанымен, әжелеріміздің әсем әлдиімен, аруларымыздың асқақ армандарымен ерекше сұлу, ерекше көркем! Дүниені сұлулығымен сақтаған осынау нәзікжандыларымыздың құрметіне, яғни аналар, балабақшаның бүлдіршін қыздары сіздерге арналған «Балапан» тобының «Ай-күнім - Анам» атты ертеңгілігімізге қош келдіңіздер.

Жүргізуші:

Той пердесін ашайық

Тойға шашу шашайық.

Аналарды құрметтеп

Ән маржаның шашайық.

Ендеше балаларымыз аналарына «Құттықтаймын Ана» әнін орындап берсін.

Ән: «Құттықтаймын Ана»

Жүргізуші:

Құрметті қонақтар, сүйкімді балалар! Қыс мезгілімен қоштасып, шуақты күндерді сағындық.

Күн жылына бастады,

Қарлар еріп жатыр,

Құстар ұшып келді.

Бірақ біздің мерекемізге ең басты қонақ әлі келген жоқ.

Ол – табиғатты оятатын, гүлдерді жайқалтатын,

жылу мен шаттық сыйлайтын ару.

Кәне, бәріміз бірге оны шақырайықшы!

Балалармен бірге:

«Көктем, көктем»

(Көктем келуі)

Көктем:

Сәлеметсіңдер ме, балалар! Мен — Көктем ханшайымымын! Қар еріп, күн жылынды. Жер бетіне жасыл шөп шықты. Ағаштар бүршік жарды.

Құстар жылы жақтан ұшып келді. Мен сендерге жылу, қуаныш және әдемі гүлдер алып келдім! Көктемде бәрі оянады күн күлімдейді гүлдер жайқалады көңіл-күйіміз көтеріледі! Ал сендер көктемді жақсы көресіңдер ме? Кәне, бәріміз бірге:

«Қош келдің, Көктем!» – деп айтайықшы!

Көктем: Балалар сіздерге көктем аруы бос келмеді, керемет ойынымдыда алып келдім. Балалар менімен бірге көбелек ойының ойнайсыздарма?

Балалар: Ия

Ойын: «Көбелекті гүлге қондыру»

Жүргізуші: Жарайсыздар балалар, Рахмет сізге көктем. Балалар Аналарымызбен Көктем Аруымызға биімізді бейлеп берейік.

Би: «Анашым»

Жүргізуші: Жарайсыздар балалар, ендеше тағы керемет ән айтсақ.

Ән: «Әжетайым»

Көктем:

Бар жақсылық, күллі әлемге тараған

Арулардың ақ нұрынан жаралған
Құтты болсын мерекеміз бүгінгі
Ардақты аруларға арналған
Ендеше аналарымызбен ойын ойнасақ.

Ойын: «Менің балам»

Жүргізуші: Жарайсыздар ата-аналар, Енді балалар ару қыздарымыздың мерекесіне қыздарымызға дайындаған сыйлықтарымызды берейік (Ер балалар сыйлық береді)

Жүргізуші:

Құрметті аяулы аналар, әжелер және асыл жандар! Сіздерді тағы да көктемнің ең шуақты мерекесі — Халықаралық әйелдер күні құтты болсын!

Бүгінгі бүлдіршіндеріміз сіздерге өз өнерлерін көрсетіп, жүрекжарды тақпақтарын айтып, би билеп, ән шырқады.

Барлық аналарға мықты денсаулық, шаңырақтарыңызға береке, жүректеріңізге қуаныш тілейміз! Балалардың күлкісі әрдайым үйіңізді шаттыққа бөлесін!

Көктемдей жайнап, әрдайым бақытты болыңыздар! Осымен біздің мерекелік ертеңгілігіміз аяқталды.

Келгендеріңізге үлкен рақмет!

(Балалар аналарына дайындаған сыйлығын береді)

